



Шағын және орта кәсіпкерлікке көмек көрсетуге арналған Несие Желісі 27 000 000 неміс маркасы сомасында Қаржы министрлігі бөлген Майндағы Франкфрут, Кредитанштальт фюр Видерауфбау ("КфВ") мен Қазақстан Республикасы ("Қарыз алушы") арасындағы қарыз беру туралы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 26 шілде N 461-І

Астанада 1998 жылғы 30 желтоқсанда жасалған Шағын және орта кәсіпкерлікке көмек көрсетуге арналған Несие Желісі 27 000 000 неміс маркасы сомасында Қаржы министрлігі бөлген Майндағы Франкфрут, Кредитанштальт фюр Видерауфбау ("КфВ") мен Қазақстан Республикасы ("Қарыз алушы") арасындағы қарыз беру туралы шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Шағын және Орта кәсіпкерлікке көмек көрсетуге арналған
Несие Желісі -
27.000.000 НМ
сомасында
Қаржы министрлігі бөлген
Майндағы Франкфурт,
Кредитанштальт Фюр Видерауфбау
("КфВ")
мен
Қазақстан Республикасы
("Қарыз алушы")
арасындағы
1998 жылғы 30 желтоқсандағы
қарыз беру туралы Шарт

Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 22 мамырдағы және 26 қарашадағы Қаржылық ынтымақтастық туралы келісімдердің ("Үкіметаралық келісімдер") негізінде, Заем алушы мен КфВ мынадай Заем туралы Шартқа қол

қояды:

Заем туралы осы Шарттың негізінде, тағайындалуы алдында болатын Алматы сауда банкі, Қазкоммерцбанк және Даму банкі (жиынтықталып "Даму Банктері" деп аталатын барлық банктер) мен КфВ жұмыс кешенінің орындалуын мұқият реттейтін Жобаны қаржыландыру туралы Шартқа қол қояды.

1-бап

Пайдаланудың сомасы мен мақсаты

1.1. КфВ 27.000.000 неміс маркасына дейін сомада, I-траншада 12.000.000 неміс маркасын құрайтын, II-траншада 15.000.000 неміс маркасын құрайтын, Заемды Заем алушыға береді.

1.2. Заем алушы 2-бапта айтылған ережелер бойынша Даму Банктеріне Заемды оның толық көлемінде одан әрі беруді жүргізеді. Алғаш қолданғанда Даму банктері Заемды тек қана несиелерді қайта қаржыландыру ("Түпкі Несиелер") үшін пайдаланады, оны оларға шағын және орта кәсіпорындардың инвестицияларын ("Жобаларын") қаржыландыру үшін береді. Алғаш қолданған кезде, Заемның жартысынан кем емес қаражатты шетел валютасындағы шығыстарды қаржыландыру үшін пайдалану көзделіп отыр, бұдан басқа ішкі шығыстардың да қаржыландырылуы мүмкін.

1.3. Шығыстарға байланысты салықтар мен басқа да мемлекеттік алымдарды Түпкі Заем алушы көтереді, ал сондай-ақ импорттық баждар Түпкі несиелердің қаражаттарынан қаржыландыруға жатпайды.

2-бап

Даму Банктеріне Заемдарды одан әрі беру

2.1. Заем алушы әрбір жағдайда жылдығы 5%-ті құрайтын ставка бойынша және Заем туралы Шарт күшіне енген күннен бастап, 3 жыл жеңілдік кезеңін қоса, 10 жылға Несие беру туралы жеке Шарттың негізінде Даму Банктеріне Заемды одан әрі беруді жүргізеді.

2.2. Заем алушы 2.1-бапқа сай, Заем алушының 4.2-бапқа сай төлейтін проценттерінен артық сомадағы көлемде Дамушы Банктер оған төлейтін проценттердің сомасын ("Барабар қаражаттар") арнаулы шотқа енгізеді. Мұндай қаражаттар, даму саясатының көзқарасы үшін жәрдемдесу ерекше қолайлы болып саналатын, жобаларды

жүзеге асыру үшін, Заемның қаражаттары алғаш рет төленгеннен кейін бір жылдан кешіктірмей, Заем алушы мен КфВ арасында жасалуға тиісті келісімге сәйкес Заем алушының билігінде болады.

2.3. Заемның қаражаттары алғаш төленгенге дейін Заем алушы 2.1-бапта айтылған және алдын-ала КфВ-ның мақұлдауы алынуға тиісті Несие Беру туралы Шарттың бір көшірмесін КфВ-ға береді. Несие Беру туралы Шартқа өзгерістер енгізу үшін келісім талап етіледі.

2.4. Заемды одан әрі беру осы Шарттан туындайтын КфВ-ға қатысты

төлемдік міндеттер үшін Даму Банктері жауап береді дегенді білдірмейді.

3-бап

Заемның қаражаттарын төлеу

3.1. КфВ Заемның қаражаттарын Даму Банктерінің талап-тілегі бойынша жобалардың орындалу барысына сәйкес төлейді. Даму Банктері мен КфВ әрқайсысы жеке келісім, атап айтқанда, Заемның талап етілген сомасы келісімге сәйкес пайдаланылып отырғанын куәландыру арқылы Заем қаражаттарын төлеу процесін реттеп отырады.

3.2. КфВ 2002 жылдың 30 желтоқсанынан кейін Заемның қаражаттарын төлеуден бас тарта алады.

4-бап

Заем беруге келіскені үшін делдалдық ақыны, проценттерді төлеу және Заемды өтеу

4.1. Заем алушы жылдығы 1/4% құрайтын Заемның әлі төленбеген қаражаттарына қатысты Заемды беруге келіскені үшін делдалдық ақы төлейді. Заем беруге келіскені үшін делдалдық ақы, Шартқа қол қойылған соң үш айдан кейін басталатын және Заем қаражаттарын төлеудің шоты дебетке жазылған күні аяқталатын уақыт аралығы үшін есептеледі.

4.2. Заем алушы жылына I Транш бойынша Заемның 2,0% және жылына II Транш бойынша Заемның 0,75 % төлейді. Проценттер 4.9-бапта көрсетілген КфВ шотына

қаражаттарды қайтаруға қатысты несиеге жазған күнге дейін Заем қаражаттарын төлеу дебет шотына жазған күннен бастап есептеледі.

4.3. Заем алушы Заем беруге келісім беру үшін комиссияндық, әрбір

алты ай өткен оң әр жылдың 30 маусымында және 30 желтоқсанында проценттер - мерзімі өткен төлемдер үшін сомалар төлейді. Бірінші рет Заем беруге келісім бергені үшін делдалдық проценттерді бірінші төлегеннен бастап бірге төленуге жатады.

4.4. Заем алушы Заемды мынадай шкала бойынша өтейді:

	I Транша	II Транша	Барлығы
30 маусым 2009	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан 2009	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым 2010	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан 2010	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым 2011	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан 2011	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым 2012	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан 2012	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым 2013	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан 2013	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым 2014	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан 2014	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым 2015	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан 2015	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым 2016	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан 2016	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым 2017	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан 2017	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым 2018	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан 2018	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым 2019	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан 2019	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым 2020	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан 2020	300.000,00	250.000,00	550.000,00
Тасымал	7.200.000,00	6.000.000,00	13.200.000,00

		I Транша	II Транша	Барлығы
Тасымал		7.200.000,00	6.000.000,00	13.200.000,00
30 маусым	2021	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2021	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым	2022	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2022	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым	2023	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2023	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым	2024	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2024	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым	2025	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2025	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым	2026	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2026	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым	2027	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2027	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым	2028	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2028	300.000,00	250.000,00	550.000,00
30 маусым	2029	-	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2029	-	250.000,00	550.000,00
30 маусым	2030	-	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2030	-	250.000,00	550.000,00
30 маусым	2031	-	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2031	-	250.000,00	550.000,00
30 маусым	2032	-	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2032	-	250.000,00	550.000,00
30 маусым	2033	-	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2033	-	250.000,00	550.000,00
30 маусым	2034	-	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2034	-	250.000,00	550.000,00
30 маусым	2035	-	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2035	-	250.000,00	550.000,00
30 маусым	2036	-	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2036	-	250.000,00	550.000,00
30 маусым	2037	-	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2037	-	250.000,00	550.000,00

30 маусым	2038	-	250.000,00	550.000,00
30 желтоқсан	2038	-	250.000,00	550.000,00
			4.800.000,00	9.000.000,00
			12.000.000,00	15.000.000,00
				27.000.000,00

4.5. Егер Заемды өтеуге жарналар оларды төлеу мерзімі жеткен кезде КфВ өкіміне түспесе, онда КфВ мерзімі өткен төлемдерге қатысты проценттік ставкасын 4.9-бапта аталған Заемды өтеу сомасының КфВ шотына несие жазған күнге дейін жоғарыда аталған жарналарды төлеу мерзімі ретінде тағайындалған күннен басталған жылы 3% құрайтын үстеме бағамен негізгі проценттік ставканың сомасына мерзімі өткен төлемдерге қатысты проценттік ставканы көтеруі мүмкін. "Негізгі Проценттік Ставка" тиісті төлем мерзімі ретінде белгіленген күні қолданылып жүрген мөлшерде негізгі ретінде ГФР Федералдық Банкі жариялаған проценттік ставка болып табылады. Төленбеген проценттер туралы сөз болған жағдайда, КфВ оған төлем мерзімінің өткендігінен келтірілген шығындарын өтеуді талап етуіне болады. Мұндай өтеудің сомасы жылына 3 % құрайтын үстеме ақымен бірге төлем мерзімі ретінде белгіленген күні негізгі проценттік ставка бойынша мерзімі өткен проценттерді төлеген кезде алуы мүмкін сомадан аспауы керек.

4.6. Заем беруге келісім беру үшін комиссияндықты есептеу үшін негіз ретінде проценттерді - 4.5-Бапқа сәйкес мерзімін өткізгені үшін есептелетін сомаларды 360 күнді қоса алғандағы жыл және 30 күнді қоса алғандағы ай белгіленеді.

4.7. Заемның төленбеген немесе мерзімінен бұрын өтелген сомалар заемды өтеудегі барлық төленбеген жарналарға, егер жекелеген жағдайларда - атап айтқанда, КфВ-ның қалауы бойынша мұндай сомалардың елеусіздігінің салдарынан бірдей есептеледі.

4.8. КфВ түсетін төлемдердің сомасын осы Шартқа немесе КфВ мен Заем алушы арасындағы өзге де Заем туралы Шартқа сәйкес жүзеге асырылуға жататын төлемдерге есептеуді жүргізе алады.

4.9. Заем алушы барлық төлемдердің сомасын қарсы талаптардың өзара есепке алуын қоспағанда, Майндағы Франкфурт, Кредитанштальт Фюр Видерауфбау (КфВ) (BLZ 500 204 006 S.W.I.F.T.: KFWIDEFF) - N 25.3949.1811 шотына Германия Федеративтік Республикасының валютасында аударады.

5-бап

Заем Қаражаттарын Төлеуді Тоқтату және Мерзімінен бұрын Өтеу

5.1. Заем алушы кез келген уақытта:

- а) 8-бапқа сәйкес өз міндеттемелерін орындаған жағдайда, Заем сомасының әлі талап етілмеген сомасын төлеуден бас тартуына және
- б) Заемды өтеуді мерзімінен бұрын толығымен немесе ішінара жүргізуіне болады.

5.2. КфВ мынадай жағдайларда, егер:

- а) Заем алушы олардың мерзімі жеткен кезде КфВ-ға қатысты төлем міндеттемелерін орындамаса;
- б) осы Шартқа немесе КфВ мен Даму Банкі арасында жасалған Жобаны Қаржыландыру туралы Шартқа сәйкес немесе арнайы келісімдерге сәйкес бұзылса;
- с) әлдеқандай Даму Банктері Заем сомаларының мақсат бойынша пайдаланылғанына дәлелдеме бере алмаса, немесе;
- д) осы Заемның мақсатына немесе осы Шартқа сәйкес Заем алушы өзіне қабылдаған төлем міндеттемелерінің орындалуына мүмкіндік бермейтін немесе елеулі қауіп төндіретін төтенше жағдай туса, Заем қаражаттарын төлеуді тоқтата алады.

5.3. Егер 5.2-бапта, а), б) немесе с)-тармақшаларында айтылған жағдай туса және олар КфВ-да белгіленген және кемінде 30 күнді құрайтын мерзім ішінде жойылмаса, КфВ:

- а) 5.2-бапта, а) немесе б)-тармақшаларында айтылған жағдайлар туса, Заемның барлық төленбеген сомасын дереу өтеуді, сондай-ақ жинақталған барлық проценттерді төлеуді және қосымша борыштық міндеттемелерді төлеуді талап ете алады;
- б) 5.2-бапта с) тармақшасында айтылған жағдай туса, әңгіме болып отырған Даму Банкінің тағайындауы бойынша орындалуына дәлелдеме беру мүмкін болмаған Заемның сомасын дереу өтеуді талап ете алады.

6-бап

Шығыстар мен мемлекеттік алымдар

6.1. Заем алушы осы Шартқа сәйкес салықтарды, басқа да мемлекеттік алымдарды немесе өзге де шығыстарды шегерместен, барлық төлемдерді жүргізеді және Заемның қаражаттарын төлеу кезінде туындайтын аударулар мен аударымдарға байланысты шығыстарды өзіне қабылдайды.

6.2. Заем алушы Германия Федеративтік Республикасынан тысқары осы Шартты жасасу және атқару кезінде пайда болатын салықтарға және басқа мемлекеттік алымдарға байланысты барлық шығыстарды көтереді.

7-бап

Заем беру және Өкілеттік жанындағы
Зандардың Ережесін Сақтау

7.1. Заем алушы Заем қаржысының бірінші төлеміне дейін оның негізгі заңына және осы Шартқа сәйкес оның барлық міндеттемелерін өзіне алу үшін басқа құқықтық ескертпелерді ол барлық талаптарды орындағанын олар белгілеген дәлелді тәсілмен белгіленген уақытта КфВ-ға ұсынады.

7.2. Осы Шартты атқару кезінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрі және КфВ-ға қатысты олар тағайындаған тұлғалар және олар куәландырған негізде бекітілген қолдардың үлгілерімен заем алушыны таныстырады. Өкілеттікке байланысты өкілдік оларды болдырмау туралы анық көрсетілген хабарламаны уәкілетті өкілден тиісті түрде тек КфВ арқылы алған сәтте ғана тоқтатылады.

7.3. Осы Шартқа өзгерістер немесе толықтырулар, сондай-ақ айырбастау

осы Шарт негізінде жүргізілетін Шарттағы тараптар арасындағы өтініш пен хабарлама осы Шарт негізінде жүргізіледі, жазбаша түрде ұсынылады. Өтініш пен хабарламалар төменде көрсетілген немесе екінші тарапқа хабарлайтын Шарттағы көрсетілген мекен-жайға олар түскеннен кейін алынған болып саналады:

КфВ мекен-жайы:

Қайта Құрудың

Kreditanstalt fuer Wiederaufbau Несиелендіру мекемесі

Postfach 11 11 41 Абонементтік

Пошта жәшігі 11 11 41

60046 Frankfurt am Main 60046 Майндағы Франкфурт

Bundesrepublik Deutschland Германия Федеративтік

Республикасы

Telefax: (069) 74 31-29 44 Телекс: 4 15 25 60 kw d

Telex: 4 15 25 60 kw d Телефакс: (069) 74 31-29 44

Заем алушының мекен-жайы

Republic Kasachtan

Қазақстан Республикасы

Finanzministerium

Қаржы министрлігі

Komitee fuer externe Kredite

Абылайхан даңғылы 93/95

93/95, Abylay Khan Avenue

Сырттан қарыз алу жөніндегі

7.4. Осы Шартқа КфВ және Заем алушы арасындағы тек құқықтық қатынастарға қатысты өзгерістер енгізу үшін Даму Банкінің келісімі қажет етілмейді.

7.5. Үшінші Даму Банкін тағайындау КфВ және Заем алушының біріккен құзырына жатқызылған.

8-бап

Заем туралы Шартты атқару

8.1. Заем алушы Заем туралы немесе жобаны қаржыландыру туралы Шарттың атқарылуына немесе мақсатына нақты қауіп төндіруге мәжбүр ететін немесе төзбестік жасайтын барлық жағдайлар туралы КфВ-ны тез арада өз бастамасы бойынша хабардар етеді.

8.2. Заем алушы Жобаны Қаржыландыру туралы Шартты атқару немесе олардың осы Шартқа сәйкес, атап айтқанда, Жобаны Қаржыландыру туралы Шартты атқару үшін қажетті барлық рұқсатты беруге өздерінің міндеттерін орындау кезінде әрбір Даму Банкіне қолдау көрсететін болады.

9-бап

Өзге Ережелер

9.1. Еуропа Экономикалық және Валюта Одағын құру туралы заңдарға және ережелерге сәйкес Германия Федеративтік Республикасында заңды төлем қаржысы ретінде ЕУРО-ның енуіне байланысты мыналардың күші бар:

Германия Федеративтік Республикасында 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап неміс маркасына және заңды төлем қаржысына барлық сілтемелер валютамен қайта есептеудің ресми курсы бойынша ЕУРО-ға сілтемені білдіреді. Бұл барлық алдағы төлемдердің ЕУРО-да жүзеге асырылатындығын білдіреді. Осы Шартқа сәйкес 1999 жылдың 1 қаңтарынан 2001 жылдың 31 желтоқсаны аралығындағы өтпелі кезең ішінде төлемдер ЕУРО немесе неміс маркасында жүргізілуі мүмкін.

9.2. Егер осы Шарттың қандай да болмасын ережесі заңды күшін жоятын болса, онда бұл оның қалған ережелерін қозғамайды. Осының салдарынан туындаған кемістік осы Шарттың тиісті мақсатты ережесімен толықтырылады.

9.3. Осы Шартқа сәйкес Заем алушыға талапқа кепілдікке келуге немесе беруге болмайды.

9.4. Осы Шарт Германия Федеративтік Республикасында қолданылып жүрген заңдармен реттеледі. Атқару орыны Майндағы Франкфурт болып табылады. Осы Шартты пайымдауда күмәндік болған жағдайда оның неміс тілдегі тексі айқындаушы болып табылады.

9.5. Егер Шартта тараптар осы Шартқа байланысты өзара келісім бойынша даулы мәселелерді, туындайтын барлық даулы мәселелерді сондай-ақ, осы Шарт және Даулы Мәселелерді Төрелік Қарау туралы Шартқа заң күшіне қатысты барлық даулы мәселелерді шеше алмаған жағдайда осы Шарттың

құрамдас бөлігі болып табылатын Даулы Мәселелерді Төрелік Қарау туралы шартқа сәйкес төрелік өндіріске ұсынылады.

9.6. 1997 жылғы 26 желтоқсандағы Үкіметаралық Келісімі тек күшіне енгеннен кейін Заем туралы осы Шарт күшіне енеді.

Төрт дана етіліп екі неміс және орыс тілдерінде жасалған мәтіннің күші бірдей.

Майндағы Франкфурт	Алматы
1998 жылғы 30 желтоқсан	1998 жылғы 24 желтоқсан

Кредитанштальт Фюр Видерауфбау	Қазақстан Республикасы
--------------------------------	------------------------

Шағын және Орта кәсіпкерлікке көмек көрсетуге арналған
Несие Желісін
Қаржы министрлігі бөлген

Майндағы Франкфурт,
Кредитанштальт Фюр Видерауфбау
("КфВ")
мен
Қазақстан Республикасы
("Қарыз алушы")
арасындағы
1998 жылғы 30 желтоқсандағы

Заем туралы шарттың 9.5-бабына сілтеме жасай отырып,

Даулы Мәселелерді Төрелік Қарау туралы Шарт
КфВ және Заем алушы мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Егер тараптар Шартта өзара келісім бойынша даулы мәселелерді шеше алмаса Заем туралы шартқа байланысты туындаған барлық мұндай мәселелер, сондай-ақ Заем туралы шартқа және Даулы Мәселелерді Төрелік қарау туралы шартқа қатысты заңды жағдайлардың даулы мәселелерін түпкілікті және айрықша тәртіпте төрелік сот шешеді.

2-бап

Төрелік өндірісте КфВ және Заем алушы тараптар болып табылады.

3-бап

3.1. Төрелік төралқа үш мүшеден тұрады, олар былайша тағайындалады:

- бір төрешіні - КфВ тағайындайды,
- екінші төрешіні - Заем алушы тағайындайды,

- үшінші төреші ("Супертөреші") - тараптар арасындағы уағдаластық негізінде немесе - егер мұндай уағдаластыққа жауап беруші талап ету талап-тілегін алғаннан кейін 60 күн ішінде қол жеткізбесе, тараптардың бірінің ұсынысы бойынша - Халықаралық Сауда Палатасының Төрағасы, қосалқы тәртіпте - Халықаралық Сауда Палатасы Швейцария Ұлттық Тобының Төрағасы болады.

3.2 Егер осы ережеге сәйкес тағайындалған төреші өзінің міндеттерін орындауға ниеті болмаса немесе орындай алмаса немесе бұдан әрі орындауға ниеті болмаса немесе орындай алмаса, онда бастапқы төреші тағайындалған тәртіпте оның құқықтық мұрагері тағайындалады. Құқықтық мұрагерге бастапқы тағайындалған төрешінің барлық өкілдіктері мен міндеттері беріледі.

4-бап

4.1. Даулы мәселелерге байланысты істердің төрелік өндірісі тараптардың бірінің екіншісіне деген талап ету талап-тілегі негізінде жүргізіледі. Талап ету талап-тілегінде талап ету талабының түрі, мүмкіндігінше кемшіліктерді қалпына келтіру тәсілі немесе оның орнына қанағаттанғысыз орындалған міндеттемелер мен талап етушінің талабы бойынша тағайындалған төрешінің тегі көрсетіледі.

4.2. Жауап беруші талап ету талап-тілегін алғаннан кейін 30 күн ішінде талап етушіге ол тағайындаған төрешінің тегін көрсетеді.

5-бап

Супертөреші төрелік сот отырысының күнін белгілейді. Егер тараптар істі төрелік қарау өткізілетін жерді анықтамаса, онда оны да супертөреші белгілейді.

6-бап

Төрелік сот өз құзыретінің шегін анықтайды. Ол төрелік өндірістің жалпы танылған принциптерін назарға ала отырып, өзінің жұмысын өздігінен анықтайды. Екі тарапқа кез-келген жағдайда жарғылық өтінішпен кезекті отырысқа қатысуға мүмкіндік беріледі. Тараптардың бірі келмей қалған жағдайда төрелік сот шешімін қабылдауға барынша құқылы. Төрелік

сорттың барлық шешімдері кемінде екі төрешімен бекітілуі керек.

7-бап

Төрелік соттың шешімін төрелік төраға жазбаша түрде анықтайды және негіздейді. Шешімге кемі екі адам қол қойғанда төрелік соттың шешімі деп саналады. Мұндай шешімнің міндетті күші бар және түпкілікті болып саналады. Осы Шартқа қол қою кезінде тараптар соттың шешімін орындауға міндеттенеді.

8-бап

8.1. Тараптар төрешілердің жұмыстарымен қатар төрелік өндіріс барысында ақы төлеуді қажет ететін көрсетілген қызметтердің сомасын да белгілейді.

8.2. Егер тараптар істі бірінші тыңдағанға дейін төлем сомасын келісуге қол жеткізе алмаса, онда төрелік төралқа онда бұл жағдайға қажет соманы белгілейді. Әрбір тарап ол үшін өндіріске байланысты туындаған шығындарды өзі көтереді. Төрелік төралқаның жұмысына байланысты шығындарды процесте жеңіліс тапқан тарап көтереді. Егер әрбір тарап процесте ішінара ұтып, ішінара жеңіліс тапқан жағдайда шығыстар тиісінше бөлінеді.

8.3. Төрелік сот тежеуге байланысты барлық мәселелер бойынша

түпкілікті шешім қабылдайды.

8.4. Тараптар 8.1-бапта айтылған тұлғалардың жұмыстарына жасалған төлемдер үшін ортақ жауап береді.

9-бап

Тараптар мен төрелік төралқаның төрелік өндірістік жүзеге асыруға байланысты хабарлары мен талап-тілектері жазбаша түрде ұсынылады. Талап-тілектер мен хабарлар төменде көрсетілген немесе тараптардың екінші тарапқа хабарлайтын Шарттағы көрсетілген мекен-жайға олар түскеннен кейін алынған болып саналады:

КфВ мекен-жайы:

Қайта Құрудың

Kreditanstalt fuer Wiederaufbau Несиелендіру мекемесі

Postfach 11 11 41 Абоненттік пошта жәшігі

11 11 41

60046 Frankfurt am Main 60046 Майндағы Франкфурт

Bundesrepublik Deutschland Германия Федеративтік

Республикасы

Telefax: (069) 74 31-29 44 Телекс: 4 15 25 60 kw d

Telex: 4 15 25 60 kw d Телефакс: (069) 74 31-29 44

Заем алушының мекен-жайы

Republic Kasachtan

Қазақстан Республикасы

Finanzministerium

Қаржы министрлігі

Komitee fuer externe Kredite

Абылайхан даңғылы 93/95

93/95, Abylay Khan Avenue

Сырттан қарыз алу жөніндегі

Almaty 480091 / Kasachstan

Telefax: 007-3272-696152

комитет

Телефакс: 007-3272-696152

Төрт данадағы түпнұсқалар бірдей күшке ие; неміс және орыс тілдерінде екі данадан.

Майндағы Франкфурт,

Алматы

1998 жылғы 30 желтоқсан

1998 жылғы 24 желтоқсан

Кредитанштальт Фюр
Видерауфбау

Қазақстан Республикасы

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Кобдалиева Н.М.